

Алкоголь өнімдерімен (сырадан басқа) бөлшек сауда жасау лицензиялау мәселелері туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің қаулысы 2005 жылғы 13 шілдедегі N 830. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласы Әділет басқармасында 2005 жылғы 26 шілдеде маусымда N 13-1-11 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 1 қазандағы N 1419 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2007.10.01 N 1419 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасының "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы N 2200 Заңына, "Этил спиртін және алкоголь өнімдерін өндіруді және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Этил спиртін және алкоголь өнімдерін өндіруді лицензиялау, алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) сақтау және көтерме бағамен сату, сондай-ақ алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) бөлшек сату Ережелерін бекіту туралы" 1999 жылғы 27 тамыздағы N 1258 қаулысына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алкоголь өнімдерімен (сырадан басқа) бөлшек сауда жасау лицензияларына қол қою құқығымен уәкілетті тұлға болып қала әкімінің бірінші орынбасары Құлжанова Тотыкамал Ниязқызына тағайындалсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімдігінің 2006.08.28 N 1202; 2007.06.25 N 786 Қаулыларымен.

2. Алкоголь өнімдерімен (сырадан басқа) бөлшек сауда жасау лицензияларын беруге құжаттар дайындау, лицензиялардың берілуін есепке алуды жүзеге асыру, лицензиялық ережелердің сақталуына бақылау жүргізу жөніндегі жұмыс органы болып жинақтау-талдау бөлімі белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Петропавл қаласы әкімдігінің 2006.06. N 293 Қаулысымен.

3. Қоса берілген Лицензиялық ережелердің сақталуына тексеріс жүргізу және олардың нәтижелерін ресімдеу ережелері бекітілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің бірінші орынбасары Қ.С. Уәлиевке жүктелсін.

Қала әкімі
Петропавл қаласы әкімдігінің
2005 жылғы 13 шілдедегі
N 830 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**Лицензиялық ережелердің сақталуын тексеру және
олардың нәтижелерін ресімдеу ережесі**

Ескерту. бүкіл мәтін бойынша "жедел басқару бөлімі" сөздері " жинақтау-талдау бөлімі" сөздерімен ауыстырылсын - Петропавл қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 06 наурыздағы N 293 Қаулысымен.

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасының " Лицензиялау туралы" Заңының 15-бабы 1-тармағы 2) тармақшасына, "Этил спиртін және алкоголь өнімдерін өндіруді және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына Қазақстан Республикасы Үкіметінің " Этил спиртін және алкоголь өнімдерін өндіруді лицензиялау, алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) сақтау және көтерме бағамен сату, сондай-ақ алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) бөлшек сату Ережелерін бекіту туралы" 1999 жылғы 27 тамыздағы N 1258 қаулысына (бұдан әрі - Қаулы) сәйкес әзірленген.

2. Осы ереже лицензиялық ережелердің сақталуын тексеру және олардың нәтижелерін ресімдеу тәртібін реттейді.

3. Петропавл қаласының аумағында орналасқан және алкоголь өнімдерімен (сырадан басқа) бөлшек сауда жасауға лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар тексерілуге тиесілі.

4. Белгіленген тәртіппен тіркелген, уәкілетті тұлға қол қойған тексерісті тағайындау туралы актіге сәйкес, бекітілген тексерулер кестесіне бойынша, немесе мемлекеттік органдардың ұсыныстары және азаматтардың нақты лицензиатқа қатысты арыздары бойынша заңнамамен белгіленген тәртіппен, тексерістерді Петропавл қаласы әкімі аппаратының жинақтау-талдау бөлімі жүргізеді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Петропавл қаласы әкімдігінің 2006.03.06 N 293 Қаулысымен.

5. Алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) бөлшек сатудың лицензиялық ережелерінің сақталуын тексеруге жатады:

1) фискальды есі бар бақылау-кассалық машинаның бар және тіркеу нөміріне сәйкес болуы ;

2) сатылатын өнімде сәйкестік сертификаты (және белгілері) болуы,

жарамдық мерзімі және өнім мен акциздік маркаларының маркировкалануының с а қ т а л у ы ;

3) үй-жайлар кешенінің болуы (сауда залы, тауарды қабылдауға және сақтауға арналған үй-жайдың, тара мен ыдысты сақтауға арналған үй-жайдың, әкімшілік-тұрмыстық үй - ж а й д ы ң) ;

6. Қала әкімі аппаратының жинақтау-талдау бөлімі, тексеріс жүргізу үшін берілген, тексерістерді тағайындау туралы актілерді тіркеу журналын жүргізеді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Петропавл қаласы әкімдігінің 2006.03.06 N 293 Қаулысымен.

7. Тексеріс нәтижесі бойынша лицензиялау ережесінің сақталуын тексеру т у р а л ы а к т ж а с а л а д ы .

Актіде тексеру күні және уақыты, тексеруді тағайындау туралы актінің нөмірі мен күні, тексеретіндер туралы деректер, лицензияның нөмірі және берілген күнгі, СТН, сауда кәсіпорнының атауы және орналасқан жері, сауда кәсіпорны басшысының фамилиясы, аты және әкесінің аты және қатысуымен (ларымен) тексеріс жүргізілген сауда кәсіпорны қызметкерінің (лерінің) лауазымы, алкоголь өнімдерімен (сырадан басқа) бөлшек сауда жасау ережесін бұзушылықтың болуы немесе болмауы туралы деректер көрсетіледі.

Бұзушылық табылған жағдайда, тексерушілер лицензиаттан жазбаша түсініктеме алуға тиіс, ол тексеру актіне қоса беріледі. Түсініктеме беруден бас тартылған жағдайда а к т ж а с а л а д ы .

Тексеру қорытындысы бойынша, бұзушылықтың болуына немесе болмауына байланыссыз лицензиатқа немесе сауда кәсіпорнының қызметкеріне қолы қойылу арқылы актінің көшірмесі беріледі.

Қаулыға сәйкес, лицензиар тоқтату себебін көрсету арқылы мынадай жағдайларда 6 айға дейінгі мерзімге лицензияның қолдану күшін тоқтата тұруға қ ұ қ ы л ы .

8. Лицензияның қолдану мерзімін тоқтата тұру туралы мәселені қарау тексеріс нәтижелері бойынша лицензиаттың қатысуымен жүргізіледі.

9. Лицензиат қол қойдыру арқылы немесе поштамен хабарлау арқылы лицензияның қолдану мерзімін тоқтата тұру туралы мәселені қараудың күні және о р ы н ы т у р а л ы х а б а р д а р е т і л е д і .

10. Лицензиат келмей қалған жағдайда лицензияның қолдану мерзімін тоқтата тұру туралы шешімді лицензиар оның қатысуынсыз қабылдайды.

11. Лицензиардың лицензияның қолдану мерзімін тоқтата тұру туралы шешімі лицензиатқа қолы қойдырылып немесе поштамен жіберіледі (хабардар е т у м е н) .

12. Лицензияның қолдану мерзімі тоқтатыла тұрған себептерді лицензиат жойғаннан кейін, лицензия қайыра күшіне енеді, бұл туралы лицензиат қолы

қойдырылып хабардар етіледі немесе поштамен хабарланады (хабардар етумен).

13. Лицензияның қолдану күшіне қайта енгені туралы шешімді лицензиар өткізілген тексерістен кейін қабылдайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК